

**Қасым Аманжоловтың
"Мен өмірі Сталин туралы өлең
жазған жоқпын" мақаласынан**

Бүгін - "Шын талант творчествоны тастамайды" дедіңіз. Кеше Әуезов алғысөз жазып, ақжолтай тілеген "Ар" жинағыңыз, тұңғыш жинағыңыз "Ұлы Сталинді мақтамайтын арсыз жинақ" деп айыпталып, өртеліп жатқанда, өзіңіз "байшыл", "ұлтшыл" деп қудаланып жүргенде осы сөз, осы принцип сіздің бүкіл болмысыңызда болғаны хақ. Сондықтан да сіз қазақ әдебиетіне мігірсіз қызмет еттіңіз. Жар құлағыңызжастыққа тимей, қазақы, қанатты жырлар жаздыңыз, "Евгений Онегинді" екі қайтара, Роберт Бернсті түгелге жуық, Омар Хаямнан 300-ге тарта рубай тәржімаладыңыз, тағы басқа қаншама еңбек жасадыңыз. Соның бәрі ортақ қазан - өнер үшін.

"Мен өмірі Сталин туралы өлең жазған жоқпын. Аузыма алған жоқпын. "Сталин жасасын!", "Партия жасасын!" дегенге ешқашан бармадым. Мен мұнымды ерлік деп санаймын" деген қарапайым да, елеусіз айтылған қазіргі сөзіңізді - бітірген істі бұлдау емес, репрессияда айдалып, атылып кеткен әкелеріңіздің аруағына тағзым ету деп түсіндік.

Еңбегіңізді елейтін, ескеретін буын, ұрпақ барын айта отырып, өзіңіз менсінбей "өлең-мөлең сол..." деп атай салған кейінгі жырларыңыздан бір үзік үзінді беруді жөн көрдік ("Ойсылқара", соңғы шумағы):

Қайтарар кім оған қыруар қарызды,
Айтар кімге әдірә қалған арызды?
Бір мыңк етпей тұр керенау кеменгер,
Мәңгі шыдам ескерткіші тәрзіді.

Осы, киелі Ойсылқара бейнесінің астарына сыйғызғаныңыз - қазақ ұлты. Ал, ұлттың ұлы Сізсіз - Қуан ата Шаңғытбаев.

Ақын атаның қолын алып көңілін сұрай барғандағы әсеріміз осы болды.

¹ "Қарттарым, аман-сау жүрші" айдарымен "Жас алаш" газетінде 1999 жылдың 1 шілдесінде жарияланды. - *Құраст.*

Ақтөбеге екінші рет кетуі.

Сыналған қара күндері

Құастырушыдан: Жоғарыда Қуандық Шаңғытбаевтың "Ар" кітабына айтылған жақсы пікірлер мен естеліктердің көбісі көп жылдардан кейін айтылды. Біз оларды алдынала келтіру себебіміз - "Ар" кітабының тарихын оқырманға басынан аяғына дейін айтып беру. Ендігі жерде ақынның өмірбаянына қайта оралып, оның тағдыры жәйлі әңгімемізді жалғастырамыз.

...Сонымен, "Арды" бүкіл кітапханалардан, дүкендерден жиып алып өртеп жіберді. Жұмыссыз қалған жас ақын Ақтөбеге, туған ауылы Қарабұтаққа оралады. Оның өміріндегі ең бір қиын, 1946-1949 жылдардың аралығындағы, қуғындалып, жұмыссыз жүрген кезеңі басталады.

**Қуандық Шаңғытбаевтың
1993 жылы Қазақ теледидарында
сөйлеген сөзінен ¹;**

"...Сонда ² әсіресе екі кісіні нысанаға қатты алыпты. Біреуі Қасым марқұм Аманжолов, біреуі - мен. Мен онда Алматыда жұмыс істейтінмін, Ақтөбеге кеттім. Ақтөбеде мені жаңағы кінәларға байланысты еш жер жұмысқа алмады.

...Өз замандастарымның ішінде мен Қасымның қалай сынға алынғанын, сыналғанын, үйсіз-күйсіз өлең жазып күн көргенін жақсы білемін. Ал біз Қастайды (мен оны Қастай дейтін едім), Қасым марқұмды сыйлаған жоқпыз".

¹ Ақынға арналған хабардан үзінді. - *Құраст.*

² 1946 жылы "Жданов қаулысы" шыққан кезін айтып отыр. - *Құраст.*

СЫНАЛҒАН
КҮНІ



Алған дем, болашаққа басқан қадам -
Бәрі де бір сен үшін, асқар заман.
Еншіңде - күлсем де мен, күрсінсем де, -
Бар өмір бағыштаулы бастан саған.

Мен сенің аласа емес, биігіңмін,
Саясыз тұлдыр болсам, - күйігіңмін.
Бағзыда бас білмесем, кешір, елім,
Құлыңмын, құлыныңмын, құйыныңмын.

Қарабұтақ, 1946

Қуандық Шаңғытбаевтың естелігінен:

"...Менің Қасыммен таныс-біліс екенімді естіп, әдебиетке үйірсектеп жүретін бір жігіт "таныстыр, таныстыр" деп қоймай қойды. Ол кезде Қасым Алматының шетінде, Күләштің (Байсейітова) дачасында тұратын. Әйелі, кішкентай қызы бар. Сосын, Қасымға айтып көріп ем, "Келіндер" деді. Бардық. Дастарханда отырмыз. Қасым аз сөйлейтін кісі еді. Менің жанымдағы жігіт ауыз жаппай Қаскенді әбден мақтады. Мақтап отыр, мақтап отыр. Бір кезде Қасым сәл қозғалақтап, астындағы орындығымен қарама-қарсы отырған әлгінің басын ала перді келіп. "Кет, әкеңнің!.."

Көлгірлікке шыдамайтын еді".

"Жас алаш", 9 қазан, 1999

Жас Алаш 9 ҚАЗАН 1999 ЖЫП



БҮГІН ҚАСЫМНЫҢ ТУҒАН КҮНІ

*Дейсіндер-ау Қасымның несі басым,
Қасым солғы болмаса несі Қасым?
Ақынның деп қолыңдан жүрегіңдірдің
Әллеміңнен Қасымның несі басым.*

МУКАГАЛИ

**АМАНЖОЛ
РАҚЫМЖАННЫҢ
ҚАСЫМЫМЫН...**

ҮСТІМДЕ СҮР ШИНЕЛІМ

Үстімде сүр шинелім,
Ақсидей басып келсемің,
Қанды қырып, қанды өт,
Қанды жұр ақыл дегенім.

Үстімде сүр шинелім,
Ақсидей басып келсемің,
Қанды-сұғым жанар ма
Өңей-мақпан мені алм.

Үстімде сүр шинелім,
Ақсидей басып келсемің,
Бағғы Қасым, бір Қасым,
Бағғы күйім, өңінім.

Үстімде сүр шинелім,
Ақсидей басып келсемің,
Үңгірде де жүрдім,
Үңгірде ма мені алм
1944 жыл.

...Қасым — тағз жетілгеніміз ақыл болып қалған жөн. Тағзының тер қалыбы сенім, құлақпен еркін жас алаш тұрқандық танытып қоя берді, өмір, сөзімі осыны пәнарқауларымыз ықпал қалдым. Сөзімі өңдей Қасым — үлкен ақыл, ұлы ақыл. Ол өзімізге өңіреткені, жалғастырып, «Жаңау-жаңаулау жаңауы», «Ең сөзімі өң болып шықпа», «Өңке мені күйдірген» жаралған ерекше бір тұта еді. Ол қала, өңімізін рухани көтерді. Өңке оңке ақыл бітірді, еркін паратты, өңке формаларын жетілдірді.

Қасым Кривош орнақтарынақ соңыс үстінде жүрді, өңке жаузы танытыпты. Танытыпты — өңімізін алау нүртің жалғастық оқанды ақтар қалыңда жазды, көбінесе өңке отырған. «Тіңгі жұрт түгел түсібіткен сен, мағзылым, өңкеді орысы жапып кеткен» деген еді. Оны орысы бірігіше көңілді сөз тұрды. Бір тағыбы — өңке орысы жапып

өңіміздерімі өңке Қасымның Қасым өңке танытыпты.
Түр: *Ғабір ҚАННЕРСЕКОВ «Қасым Аманжол»,
Қалам 11-ші тоқық, «Жаңау», 1977*

...Менің Қасыммен таныс-біліс екенімді естіп, әдебиетке үйірсектеп жүретін бір жігіт «таныстыр, таныстыр» деп қоймай қойды. Ол кезде Қасым Алматының шетінде, Күләштің (Байсейітова) дачасында тұратын. Әйелі, кішкентай қызы бар. Сосын, Қасымға айтып көріп ем, «Келіндер» деді. Бардық. Дастарханда отырмыз. Қасым аз сөйлейтін кісі еді. Менің жанымдағы жігіт ауыз жаппай Қаскенді әбден мақтады. Мақтап отыр, мақтап отыр. Бір кезде Қасым сәл қозғалақтап, астындағы орындығымен қарама-қарсы отырған әлгінің басын ала перді келіп. «Кет, әкеңнің!..»
Қайырыққа шығатын еді.

Қуандық ШАҢҒЫТБАЕВ
Өңірдегі Қасым АМАНЖОЛОВ



Қуан! 9/III 46.
Түбінде
Поэзия тоңын
тепкілеп жі-
бітін, құр
тақырға гүл
шығарар екеу-
міз болмасигек.
Сол үшін алшы
суретімді. Қасым.

Суреттің артындағы жазуы:
"9/III 46. Қуан! Түбінде Поэзия тоңын тепкілеп жібітіп,
құр тақырға гүл шығарар екеуміз болмасигек.
Сол үшін алшы суретімді. Қасым".



Айналайын Қасымым!
Жан едің жайсаң жасы мың,
Ертерек неге өлдің сен,
Мені жақсы көретін
Асылым, ағам, асылым?!
Қуандық қой!
Қасым
Шығару
Қасым

Ақынның мұрағатындағы шақырудың бетіндегі жазуы:
"Айналайын Қасымым!
Жан едің жайсаң жасы мың,
Ертерек неге өлдің сен,
Мені жақсы көретін
Асылым, ағам, асылым?!
Қуандық қой!"

Құрастырушыдан:

Қасым Аманжолов бар болғаны 44 жыл ғана (туған жылы 1911) өмір сүріп, 1955-ші жылы жарық дүниеден озды...

Оның бітпей қалған "Досымның үйленуі" пьесасын аяқтауды ақын Қуандық Шаңғытбаев өмірден өткен аға досына өзінің парызы деп санаған. Қасым Аманжоловтың бір актылы пьесасының сюжетін бұзбай оны көп актылы толық метражды спектакльге айналдырды. Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ театр сахнасындағы қойылымды көрермендер ықыласпен қабылдап жатқанда театрдың директоры Әзірбайжан Мамбетов Қуандық Шаңғытбаевқа құжатқа қол қойғыздырды.

ДОГОВОР**заказа драматического произведения**

Г.А-Аға

№ 15 от 2 декабря 1970 г.

Казахский Драматический театр драмы им. М. Ауэзова, именуемый в дальнейшем "Театр", в лице директора театра Ладинаева А. М. одной стороны и Шаңғытбаев К. Қ. именуемый в дальнейшем "Автор" с другой стороны заключили настоящий договор о следующем:

1. Театр заказывает, а Автор принимает на себя обязательство написать, переработать ^(с разрешения автора Шаңғытбаев К. Қ.) одноактную пьесу Аманжолы К. под названием "Досымның үйленуі" в количестве 3 экземпляров.

2. Театр по просьбе Автора обязуется оказывать ему творческую помощь в работе по созданию заказанного произведения путем консультации, редактирования и организации обсуждения предварительных вариантов произведения.

3. Автор обязан сдать заказанное ему произведение в срок производства сдано и по нему 1959г. осуществлен спектакль 20/11-1970г.

А. и в.
 Подписи:

Театра:

Автор:

ҚАСЫМ ӨЛІМІН ЕСІТКЕНДЕ

*Ұмытса да достарым,
Ұмытар ма мені елім!
Қ. Аманжолов*

Өлем деп өкінбейтін сорлы Қасым,
Өтті ғой дүбірлетіп домбырасын...
Қарайып бір қолаттың бөктерінде
Менің де тұрған шығар құлпытасым.

Аз өмір арынындай сәйгүліктің!
Айрылып аға, достан, қайғы жұттым.
Жалт берсе менің де асау арғымағым,
Тағдырын таңдамас ем жай жігіттің.

Қатардың мен де солай дүрі болсам,
Құлшынған илһам ұлы, ірі болсам,
Бақта гүл, шөлде жаңбыр, түнде нұр боп,
Өмірдің жарқылдаған жыры болсам.

Аспасам, көлдей шалқып, көңіл хошта,
Кетпесем, қақпақыл боп жеңіл досқа,
Дем болсам бір жұтатын заманыма,
Өтпесе, о дариға, өмір босқа!

Қасым-ай, қалды-ау жаным болып жұрдай,
Тұншықты-ау ахық тілді алтын сырнай.
Көзімнің жасын кімге сүрткіземін,
Қайда екен Тахауи мен ақын Сырбай!..

Қостанай, 1955

¹ Қуандық Шаңғытбаевтың бұл өлеңі 1968 жылы "Аққу әні" кітабында жарық көрді. - *Құраст.*